

С.К. Кунязова¹, М.К. Каримбергенова¹, Д. Фиц²

¹С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Қазақстан;

²Зеленогура мемлекеттік университеті, Зелено-Гура, Польша
(E-mail:kunjazovas@mail.ru)

Аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігінің рөлі

Мақалада Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қамтамасыз етудің және әлеуметтік қорғаудың жаңа механизмдерін іздеу және халықтың өмірінің сапасын сандық және сапалық бағалау үшін дамыған елдерде қолжеткізілген нақты өмірлік стандарттарды бағалау қажеттілігі қарастырылды. Авторлар Қазақстан Республикасында 2012–2016 жылдары динамикасында халықтың өмірі сапасының негізгі өлшемдерін қарастырды: тұрғын үй жағдайлары, табыс, жұмыс, білім, денсаулық және экология. Әрбір көрсеткіш Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес ұсынылған және ЭЫДҰ елдерінің көрсеткіштерімен салыстырылды. Экономикалық, экологиялық, әлеуметтік құраушы бойынша жеке-жеке тұрақты даму шеңберінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі бағыттары бөлінді. Жұмыскерлердің республикалық бірлестіктері тұлғасында жұмыс берушілердің қоғамдық бірлестіктері атап өтілді. Құқықтық мемлекетте әлеуметтік серіктестіктің маңыздылығы көрсетілді. Қазақстан Республикасында әлеуметтік серіктестік үшін бүтіндік, жүйелілік, ұзақмерзімділік және көпдеңгейлі сипат қажет екендігі айтылды. Кез келген бизнес қоғамның материалдық және рухани әлеуетінің жоғарылауына ықпал етуі, әрбір индивидтің қабілеттерін және дарындарын тәжірибеде жүзеге асыру үшін қолайлы орта құруы және қоғам алдында әлеуметтік жауапты қағидаларға негізделуі тиіс екендігі жөнінде қорытынды жасалды.

Кілт сөздер: тұрақты даму, өмір деңгейі, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, әлеуметтік серіктестік.

Экономикалық өсуге қолжеткізу оның сапалық параметрлерімен бірлікте ғана мүмкін, атап айтқанда, әлеуметтік тұрақтылықтың өсуі, экологиялық жүктеменің азаюы және адам капиталының артуы – бұл параметрлер республиканың экономикалық тұрғыдан жоғарылауына әсер ете алады. Яғни экономикаға халықтың өмірінің сапасының жоғарылауын қамтамасыз ететін өсу қажет. Халықтың өмірі деңгейін және сапасын жоғарылату мемлекет пен қоғамның негізгі мақсаты болып табылады. ХХ-шы ғасырдың соңғы онжылдығында қайыршылықпен күрес міндеті тұрса, қазіргі уақытта биліктің барлық деңгейлерінің күштері осы салада маңызды сапалық өзгерістерге бағытталған: басты басымдылық әлеуметтік кепілдіктер беруге емес, қарқынды даму мен өзін-өзі таныту үшін жағдайлар жасауға беріледі. Халықтың тіршілік әрекетінің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлары, дамыған елдерде қолжеткізілген нақты өмірлік стандарттарды сезіну және бағалау мүмкіндіктерінің пайда болуы халықтың өмір сапасын сандық және сапалық бағалау және Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғаудың жаңа механизмдерін іздеу қажеттілігін негіздеді.

Осы мақалада пайдаланылатын «өмір сапасы», «әлеуметтік жауапкершілік» негізгі ұғымдарын қарастырайық.

Өмір сапасы – «өмір деңгейі» ұғымының жалпыламасын ұсынатын жалпылайтын әлеуметтік-экономикалық санат, өзіне материалдық құндылықтарды және қызметтерді тұтыну деңгейін ғана емес, сондай-ақ рухани мұқтаждықтарды қанағаттандыруды, денсаулықты, өмір ұзақтығын, адамның айналасындағы орта жағдайларын, моральдік-психологиялық климатты, рухани жайлылықты енгізеді [1].

Тар мағынада бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – кәсіпорында әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу технологиясы, инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау және еңбек уәждемесін жоғарылату. Кең мағынада бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі өзіне кәсіпорынның жұмыскерлеріне қамқорлық жасауды ғана емес, сондай-ақ аумақ немесе жалпы мемлекет деңгейінде әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруды да енгізеді, яғни бизнестің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салаларға қосқан үлесі, оның ішінде заңнамалық міндеттемелер шеңберінен шығатын үлесі [2].

Соңғы ондаған жылдар ішінде Қазақстан халықтың өмірінің сапасын жақсартуда көптеген жетістіктерге қолжеткізді. 2012–2016 жылдары бойынша динамикада халықтың өмірінің сапасының әрбір өлшемін қарастырайық.

1. Тұрғын-үй жағдайлары.

1 - кесте

«Тұрғын-үй жағдайлары» өлшемінің дамуының динамикасын анықтайтын көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Тұрғын-үй ғимараттарын пайдалануға енгізу:	6 742	6 844	7 516	8 940	10 513
мың ш.м (жалпы аудан)					
алдыңғы жылға пайыздармен	103,2	101,5	109,8	118,9	117,6

Ескерту. «2012–2016 жж. Қазақстанда халықтың өмірінің деңгейі» статистикалық жинағы. — 2017 ж.

2012 жылдан бастап тұрғын үйлерді пайдалануға енгізу 55 %-ға ұлғайды. 2016 жылы Қазақстан Республикасында тұрғын үй жағдайларымен қамтамасыз етілу бір адамға есептегенде 0,8 бөлмені құрады, бұл ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіштен (1,8 бөлме) аз (1-кесте).

2. Табыс.

2 - кесте

«Табыс» өлшемінің дамуының динамикасын анықтайтын көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Қолда бар табысты пайдалану есебінде үй шаруашылықтарын соңғы тұтынуға шығындар, млрд. тг	13659,2	17616,6	18805,9	21491,9	24550,55
халықтың жан басына шаққанда, мың тг, алдыңғы жылға пайызбен	813,5	1034,1	1087,7	1 225,0	1379,75
	110,1	110,6	101,1	101,8	101,15
Халықтың орташа номиналды ақшалай табыстары, тг айына	51 860	56 453	62 271	67 321	76 575
Нақты ақшалай табыстың индексі, алдыңғы жылға пайыздармен (бағалау)	107,5	102,9	103,4	101,4	99,3
Халықтың ақшалай шығындары (айына халықтың жан басына шаққанда орташа есеппен), тг	31 886	34 796	37 131	38 502	41 847
Ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар халықтың үлесі, пайызбен	3,8	2,9	2,8	2,7	2,6
Ең төменгі күнкөріс деңгейімен ара қатынастар (халықтың жан басына шаққанда орташа есеппен), пайызбен:					
халықтың орташа номиналды ақшалай табыстары тағайындалған ай сайынғы зейнетақының орташа көлемі	308,4	317,3	326,6	342,7	354,3
	176,3	179,4	189,2	198,2	196,5
Азық-түліктік себеттің құнынан төмен табыстар бар халықтың үлесі, пайызбен	0,2	0,1	0,1	0,1	0,1

Ескерту. «2012–2016 жж. Қазақстанда халықтың өмірінің деңгейі» статистикалық жинағы. — 2017 ж.

Салықтарды төлеуден кейін үй шаруашылығының орташа түзетілген таза табысы жылына 9 622 АҚШ долл. құрайды, ал ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – жылына 29 016 АҚШ долл. (2-кесте).

3. Жұмыс.

Жұмыспен қамтылуға келетін болсақ, Қазақстанда 15-тен 64 жасқа дейінгі халықтың 74 %-нан астамының төленетін жұмысы бар, бұл ЭЫДҰ елдері бойынша жұмыспен қамтылудың орташа деңгейінен айтарлықтай асады (66 %). Ерлер арасында төленетін жұмыспен шамамен 79 % қамтылған, ал әйелдер арасында – 69 %. Қазақстандықтар орташа есеппен жылына 1805 сағ. жұмыс

жасайды, яғни ЭЫДҰ мүше-елдерінің көбінен (1763 сағ.) асады. Сонымен бірге Қазақстанда жұмыскерлердің тек болмашы үлесінде ғана (2,4 %) ЭЫДҰ елдері бойынша орташа 13 %-бен салыстырғанда ұзартылған жұмыс күн жұмыс істейді (3-кесте).

3 - кесте

Еңбек нарығының негізгі индикаторлары

Индикаторлар	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Жұмыс күші, мың адам	8 981,9	9 041,3	8 962,0	8 887,6	8 998,8
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8 507,1	8 570,6	8 510,1	8433,3	8 553,3
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер, мың адам	2 693,5	2 621,0	2 400,4	2138,4	2 210,5
Жұмыссыз халық, мың адам	474,8	470,7	451,9	454,2	445,5
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	5,3	5,2	5,0	5,1	5,0
Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар саны, мың адам	34,6	30,0	33,4	34,6	37,5

Ескерту. 2012–2016 жж. еңбек және жұмыспен қамту статистикасы. — 2017 ж.

4. Білім беру.

Қазақстанда 25-тен 64 жасқа дейінгі ересек халықтың 94 %-ның толық орта білімі бар, бұл ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен (76 %) айтарлықтай жоғары. Білім беру сапасына келетін болсақ, оқушылардың білім беру жетістіктерін бағалау бойынша, ЭЫДҰ халықаралық бағдарламасының соңғы мәліметтеріне сәйкес (PISA-2015), Қазақстандағы оқушы оқу сапасы математика мен жаратылыстану бойынша білімнен 448 балл жинайды, бұл ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен біраз төмен (497 балл) (4-кесте).

4 - кесте

Білім берудің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Тұрақты мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың орынмен қамтамасыз етілуі (100 орынға келетін балалар)	104,7	105,0	109,5	105,0	106,1
Техникалық және кәсіби білім беретін мемлекеттік колледждерді бітірген мамандар, мың адам, 10000 адамға	108,5 64,1	102,2 59,6	98,2 56,4	95,7 54,2	86,8 48,4
Мемлекеттік жоғарғы оқу орындарының саны олардағы студенттер, мың адам, 10000 адамға	53 280,4 165,8	50 251,7 146,7	49 232,1 133,2	50 216,9 122,7	47 217,2 121,2
Мемлекеттік жоғарғы оқу орындарын бітірген мамандар, мың адам, 10000 адамға	77,6 45,9	70,7 41,2	75,3 43,2	61,7 34,9	53,2 29,7

Ескерту. 2012–2016 жж. әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштері. — 2017 ж.

5. Денсаулық.

Халық денсаулығы тұрғысынан, Қазақстанда туылу кезінде өмірдің орташа ұзақтығы 72,4 жылды құрайды, бұл ЭЫДҰ бойынша (79,9 жыл) көрсеткіштен 7,5 жылға аз. Әйелдерде өмірдің орташа ұзақтығы 76,6 жылды құрайды, ерлерде – 68 жыл (5-кесте).

Денсаулық сақтауды дамытудың негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Барлық мамандықтағы дәрігерлер саны, мың адам,	64,4	66,0	68,9	69,7	74,6
халықтың 10000 адамына шаққанда	38,4	38,8	39,5	39,5	41,6
Орта медициналық қызметкерлер саны, мың адам,	168,7	169,6	160,0	163,9	170,8
халықтың 10000 адамына шаққанда	100,4	99,5	91,9	92,8	95,3
Ауруханалар саны	990	995	911	901	877
Ауруханалар төсегінің саны, мың адам,	113,0	107,5	105,2	102,5	100,1
халықтың 10000 адамына шаққанда	66,8	62,6	60,4	58,0	55,9
Халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін дәрігерлік мекемелердің саны	3 651	3 566	3 163	3 149	3 126
Әйелдер консультацияларының бөлімшелерінің (кабинеттерінің) саны	131	126	132	146	131
Жүкті және босанатын әйелдерге арналған төсек саны, мың	9,7	9,4	9,0	8,7	8,5
Ауру балаларға арналған төсек саны, мың	19,2	18,3	18,6	18,6	18,4

Ескерту. 2012–2016 жж. әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштері. — 2017 ж.

6. Экология.

Ауада өкпеге ену және денсаулыққа зиян келтіру үшін жеткілікті көлемі 10 мкм аз өлшенген бөлшектердің (көрсеткіш РМ10), яғни ұсақ дисперсті ластайтын бөлшектердің құрамы Қазақстанда текше метрге 10 микрограммды құрайды, бұл ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен (текше метрге 14 микрограмм) төмен. Қазақстанда пайдаланылатын судың сапасына халықтың 85 %-ы қанағаттанады, бұл ЭЫДҰ бойынша көрсеткіштен (84 %) біршама жоғары [3].

Халықтың өмірінің жоғары сапасына қолжеткізу әлеуметтік-бағдарланған нарықтық экономиканың мақсаты болып табылады және тұрақты даму тұжырымдамасына сәйкес, қоғамның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі ретінде шығады. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуді орындай алмай, билік әлеуметтік сұрақтардың бір бөлігін болсын шешуді жүктеуге болатын компанияны іздейді. Осындай субъект ретінде бизнес-қауымдастығы пайымдалады, ол, өз кезегінде, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тұжырымдамасының қағидаларын ұстану қажеттілігін өзі де сезіне бастайды.

Дамыған елдерде жеке ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігі, сондай-ақ барлық ұлттың гүлденуі басқа факторлардан басқа әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканың барлық субъектілерінің әлеуметтік жауапты іс-қимылына да тәуелді және олардың бастысы бизнес болып табылады. Қоғамдық дамудың эволюциясы қоғамның экономикалық және әлеуметтік есеуі кәсіпкерлік ортаның жұмысының нәтижесі болатыны жөнінде шындықты растайды.

Нарықтық жүйенің созылмалы кемшіліктері бар – ол экологиялық, әлеуметтік және кейбір басқа міндеттерді шешуді қамтамасыз етпейді, сондықтан оны түрлендіру жолдарын іздеу жүріп жатыр. Осындай ізденістермен БҰҰ жанындағы бірнеше маманданған ұйымдар (ХЕҰ, Халықаралық стандарттау ұйымы), сондай-ақ ЭЫДҰ және бірқатар басқа ұйымдар, сондай-ақ әртүрлі кәсіподақ бірлестіктері мен ҰЕҰ айналысады.

Қазіргі уақытта экономика, экология және әлеуметтік қатынастар саласында мақсаттарды сәйкесінше экономикалық және қаржылық қуатқа ие шынымен де өте ірі компаниялар салыстырмалы түрде жеңіл үйлестіре алады. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаларын ендіру инновацияларды жылдамдату талап етеді, себебі ГТП арқасында ғана қажетті қосымша ресурстарды алуға болады. Бұл жұмыс сондай-ақ кәсіпкерлер, үкіметтер, кәсіподақтар мен халықаралық ұйымдар арасында ынтымақтастықты күшейтуді талап етеді.

Әлеуметтік жауапкершілік халықтың өмірінің сапасын жоғарылату процесінің әрбір қатысушысы үшін нақты белгіленуі және үш бағытта тұрақты даму бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес қаралуы тиіс:

- экономика;
- әлеуметтік саясат;
- экология.

Тұрақты даму шеңберінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі:

– экономикалық құраушыда — олар негізінен капиталдық салымдар мен өндірілетін тауарлардың және қызметтердің тұтынушылық қасиеттерін және әлеуметтік маңыздылығын жақсартатын заманауи технологияларды ендіру;

– экологиялық құраушы — өндіріс экологиясын және оның қауіпсіздігін дамыту бойынша арнайы жабдықтарға шығындар;

– әлеуметтік құраушы — кәсіпорындардың қызметкерлерінің және олардың отбасыларының мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ жұмыспен қамту, білім беру, тұрғын-үй, қауіпсіздік, денсаулықты қорғау және т.б. салалардағы мәселелерді шешуге жіберілетін қаражат.

Әлеуметтік жауапкершілік мәселесі жұмыс берушілердің қоғамдық бірлестіктерінің тарапынан белсенді жұмысты талап етеді, себебі шешілмеген әлеуметтік мәселелер бизнеске де әсер етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында жұмыскерлердің республикалық бірлестіктері: Қазақстан Республикасының кәсіподақтар федерациясы, Қазақстанның еңбек конфедерациясы, олардың негізгі мақсаты – еңбеккерлердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету. Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері мыналар: Қазақстан Республикасының жұмыс берушілерінің конфедерациясы, Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық, Қазақстанның кәсіпкерлер конгресі, Қазақстанның тауар өндірушілері мен экспорттаушылары одағы, «Атамекен» кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағы [4-6].

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру – әлеуметтік құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құрудың бағыттарының бірі ғана. «Құқықтық мемлекет» мемлекетке қажетті идеологиялық тұрақтылық қамтамасыз ететін әлеуметтік серіктестік қағидаларын және құндылықтарын жүзеге асырусыз тіршілік ете алмайды. Сонымен бірге әлеуметтік ретінде адамның құқықтарының және еркіндіктерінің құндылықтары, әлеуметтік адалдық пен өзара ынтымақтастық қағидалары мойындалатын әрбір серіктестік саналады.

Әлеуметтік серіктестік ортақ рухани-құндылық процесс болып табылады, оның арқасында бизнес, мемлекет және азаматтық қоғам ұйымдары күнделікті кеңістікті құрастырады, оның шеңберінде билік әлеуметтік-жауапты және өз азаматтарының әл-ауқатын ойлайтын құрылым ретінде қабылданады. ҚР-да әлеуметтік серіктестікке бүтіндік, жүйелілік, ұзақмерзімділік және көпдеңгейлі сипат қажет. Әлеуметтік серіктестік туралы келісімдерді жеке компаниялар емес, аймақтық биліктің патронажымен өндірістік тізбектер жасаулары тиіс. Әлеуметтік серіктестікті қолдау бойынша іс-шаралар жеке-жеке және ұзақмерзімді емес сипатқа ие болулары тиіс, өйткені әлеуметтік бастамалардан интеграциялық және синергиялық әсердің жоқтығы компания үшін олардың экономикалық тиімділігін төмендетеді.

Бизнестің және биліктің әлеуметтік жауапкершілігіне қатынаста екі негізгі келісті бөлуге болады. Біріншісінің мәні ірі және орта капитал ақшаны мемлекет немесе жер-жердегі билік көрсететін әлеуметтік жобаларға салуы тиіс екендігінен тұрады. Уәждеме қарапайым: халық – кедей, көбі – қайыршылық шегінде. Бөлісу керек, қаржылай дағдарыс кезінде адамдарды жұмыстан шығармау қажет. Иә, ол орын алуы мүмкін. Бірақ – ерікті түрде. Біз сізге салықты төмендетеміз, ал сіз қаражатты біз айтқан бағытта аударасыз деген сияқты мәжбүрлеу немесе саудаласу керек емес. Екінші келіс бизнестің функционалды мазмұнынан шығады, атап айтқанда: бизнестің қоғам алдындағы жауапкершілігі, ең алдымен, өз функциясын орындау, экономиканы дамытумен айналысу, жаңа, жоғары тиімді жұмыс орындарын ашу, еңбек өнімділігін жоғарылату, жаңалықтар енгізу үшін. Еліміздің үлесіне жоғары технологиялық өнімнің әлемдік нарығының 1 %-нан аз бөлігі келеді (АҚШ-тың үлесіне – 33 %, Еуропалық одақ пен Жапонияның үлесіне – 18-20 %-дан). Егер біз нарықтық инновациялық экономика жағдайында өмір сүргіміз келсе, онда мемлекет емес, бизнес экономиканың моторы болып табылады.

Осылайша, әлеуметтік жауапкершілік бизнестің ұзақмерзімді дамуының маңызды құралдарының бірі болып табылады. Әлеуметтік-бағдарланған нарықтық экономиканың қалыптасу жағдайларында

кез келген ұйымның негізгі функциясын түбегейлі қайта қарау қажет: меншікті пайданы максимизациялаудан бастап барлық қоғам үшін экономикалық және әлеуметтік пайдалылықты максимизациялауға дейін. Ең табысты дамып келе жатқан елдердің нақты жағдайы көрсеткендей, кез келген бизнес қоғамның материалдық және рухани әлеуетінің жоғарылауына ықпал етуі, әрбір индивидтің қабілеттерін және таланттарын тәжірибеде жүзеге асыру үшін қолайлы орта жасауы, стратегияларды әзірлеудің әлеуметтік жауапты қағидаларына негізделуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Райзберг Б.А. Качество жизни // Современный экономический словарь. — 2-е изд., испр. / Б.А. Райзберг, Л.Ш. Лозовский, Е.Б. Стародубцева. — М.: ИНФРА-М, 1999. — 479 с.
- 2 Уськова Т.В. Социальная ответственность бизнеса: проблемы и тенденции / Т.В. Уськова, Е.Д. Разгулина. — Вологда: ИСЭРТ РАН, 2015. — 56 с.
- 3 ҚР Статистика бойынша агенттігі. 2012–2016 жылдарға Қазақстанда халықтың өмір деңгейі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.state.kz>.
- 4 2015–2020 жылдарға Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясының қызметінің стратегиясы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://fprk.kz/strategy/>.
- 5 Ресми сайт: Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.csrkz.org/ru/meropriyatiya/sobytiya.html>.
- 6 Халықаралық стандарт CSR/KCO – 2008 «Ұйымның әлеуметтік жауапкершілігі. Талаптар» / Бүкілресейлік сапа ұйымының сараптамалық бағдарламалар орталығы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://www.cerpvok.ru/docs/socsert/standart_inter_kso.doc.

С.К. Кунязова, М.К. Каримбергенова, Д.Фиц

Роль социальной ответственности бизнеса в обеспечении устойчивого развития региона

В статье рассматривается необходимость оценки реальных жизненных стандартов, достигнутых в развитых странах, для количественной и качественной оценки качества жизни населения и поиска новых механизмов социального обеспечения и социальной защиты населения Республики Казахстан. Выделены основные критерии качества жизни населения в динамике за 2012–2016 гг. в Республике Казахстан: жилищные условия, доход, работа, образование и здоровье, экология. Каждый показатель представлен в соответствии с данными Агентства по статистике РК и сопоставлен с показателями стран ОЭСР. Определены основные направления социальной ответственности бизнеса в рамках устойчивого развития, отдельно по экономической, экологической, социальной составляющим. Отмечены общественные объединения работодателей в лице республиканских объединений работников. Подчеркнута важность социального партнёрства в правовом государстве. Отмечено, что социальному партнёрству в РК необходимы целостность, системность, долгосрочность и многоуровневый характер. Сделан вывод о том, что любой бизнес должен способствовать повышению материального и духовного потенциала общества, создавать благоприятную среду для практической реализации способностей и талантов каждого индивида и основываться на социально ответственных принципах бизнеса перед обществом.

Ключевые слова: устойчивое развитие, уровень жизни, корпоративная социальная ответственность, социальная ответственность бизнеса, социальное партнёрство.

S.K. Kunyazova, M.K. Karimbergenova, D. Fic

The role of business social responsibility in the sustainable development of the region

The article examines the necessity of real standards evaluation achieved in developed countries, for quantitative and qualitative assessment of the population of quality life and search for new mechanisms of social security and social protection in the population of the Republic of Kazakhstan. The article considers the basic criteria in the quality of life of the population in the dynamics for 2012-2016 in the Republic of Kazakhstan: housing, income, work, education and health, ecology. Each indicator is presented in accordance with the data of the statistics Agency of Kazakhstan and compared with the indicators of OECD countries. The main directions of the social responsibility in business were singled out separately in the framework of sustainable

development according to the economics, ecological, social components. Public associations of employers represented by the Republican Association of workers are marked. In the article the importance of social partnership in the constitutional state was emphasized. It was noted that social partnership in Kazakhstan needs integrity, systematic, long-term and multi-level nature. It is concluded that any business should promote to the improvement of the material and spiritual potential of society, create a favorable environment for the practical realization of the abilities and talents of each individual and be based on socially responsible principles of business to society.

Keywords: sustainable development, standard of living, corporate social responsibility, social responsibility of business, social partnership.

References

- 1 Rayzberg, B.A., Lozovsky, L.Sh., & Starodubtseva, E.B. (1999). Kachestvo zhizni [Quality of life]. *Sovremennyyi ekonomicheskii slovar – Modern economic dictionary*. (2nd Ed.). Moscow: INFRA-M [in Russian].
- 2 Uskova, T.V., & Razgulina, E.D. (2015). *Sotsialnaia otvetstvennost biznesa [Social responsibility of business]*. Vologda: ISERT RAHN [in Russian].
- 3 KR Statistika boiynsha ahenttihi. 2012–2016 zhyldarha Kazakstanda halyktyn omir denheii [Agency for Statistics of the RK. Living Standards in Kazakhstan for 2012–2016]. *state.kz*. Retrieved from <http://www.state.kz> [in Kazakh].
- 4 2015–2020 zhyldarha Kazakstan Respublikasynyn Kasipodaktar federatsiiasynyn kyzmetinin stratehiiasy [2015–2020 Kazakhstan The Republic of Kazakhstan Professional federations of federations Strategies]. *fprk.kz*. Retrieved from <http://fprk.kz/strategy/> [in Kazakh].
- 5 Resmi sait: Kazakstanda korporativtik aleumettik zhauapkershilik [Official site: Corporate social responsibility in Kazakhstan] [Jelektrondyk resurs]. *csrkz.org*. Retrieved from <http://www.csrkz.org/ru/meropriyatiya/sobytiya.html> [in Kazakh].
- 6 Halykaralyk standart CSR/KSO – 2008 «Uiyymyn aleumettik zhauapkershilihi. Talaptar» [International Standard CSR / CSR - 2008]. *Bukilreseilik sapa uiyymyn saraptamalyk bahdarlamalar ortalyhy – Russian Quality Organization expert Application Center*. Retrieved from http://www.cepvok.ru/docs/socsert/standart_inter_kso.doc [in Kazakh].